

РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Жаһандық Экономиканың өсуі
1550–1700 жж.



Дәрістің мақсаты: жаңа заман кезеңіндегі жаһандық экономиканың негізгі даму салалары және Афроеуразия құрлығы мемлекеттерінің дамуындағы көрінісін талдау.

Кілт сөздер: галлеон, флют, чартерлік компаниялар, меркантилизм, Үнді үйлері, «күміс құдығы», баға революциясы, инфляция.

Сауда мен өзара алмасудың арқасында адамның экономикалық қызметі тіпті локалдық масштабта әрдайым жаһандық өлшемде болды. Біз қарастырып отыратын кезеңде ғаламдық экономика белгілі бір бағыттылық пен пайымдаушылықпен ерекшеленді. Бұған әлем туралы, аймақтық ресурстар мен нарықтың мүмкіндіктері туралы білімінің артуы және трансмұхиттық сапарларды жеңілдеткен техникалық өзгерістер ықпал етті. XVI–XVII ғасырдың бірінші жартысында Афроеуразияда орын алған демографиялық өсім жаһандық экономикаға сіңісіп, оған динамизм мен қарқындылық сипатын берді.

Біз Сіздердің назарларыңызды екі негізгі тақырыпқа аударамыз:

Бірінші, біз жаһандық экономиканың техникалық алғышарттардан демографиялық пен биологиялық салдарларына дейінгі шоғырлану процесін бақылай аламыз.

Екіншіден, біз Сіздің назарыңызды Еуразияның XVI мен XVII ғасырлардағы жаһандық экономикадағы орнына аударамыз.

Бұл тараудың бірінші тараушасында жаһандық сауда айналымына жүйесін дамытуға мүмкіндік берген кеме жасау саласындағы технологиядағы жетістіктері мен меркантилдік ұйымдстырылуы қарастырылады. Сонымен қатар, Афроеуразия мен Америкалар арасындағы байланыстарының экономикалық пен демографиялық салдарлары да зерттеледі. Екінші тараушада XVI ғасырдың соңы – XVII ғасырлардағы жаһандық алмасу жүйесіне қатысты Афроеуразиядағы оқиғалар қарастырылады. Біз Афроеуразияның алыс батыс бөлігінде орналасып, бірақ 1492 жылдан кейін әлемдік сауда орталығына айналған Еуропаға ерекше көңіл бөлеміз.

XV ғасыр соңында басталған жаһандық ұлы конвергенция біртіндеп жалғаса берді. Колумбтың онжылдықтарға ұласқан саяхаттарына қатысқан теңіз капитандары Батыс Еуропа мен Кариб теңізі және Үнді мұхиты аралығында арлы-берлі саяхат жасау керегін ұқты. Алайда 1550 жылға қарай тек екі теңізші: Джованни да Верраццано – Франция үшін және Эштеван Гомеш – Испания үшін Солтүстік Американың Атлантика жағалауларының ұзындығын зерттеді. Бұл Испания мен Португалия өз иелігіндегі жерлерде америкалық империялар құрып немесе негізгі жерлерді «ашуларын» бастаған уақыт еді. Тек төрт Испан экспедициясы Тынық мұхитын кесіп өткен болатын.

Теңіздің бір бөлігін немесе аралды көрмей тұрып зерттеу кезеңі тез-ақ аяқталды. Кеме технологиясымен бірге, карабеллалар да ұдайы жетіліп отырды. Билік пен саудагерлер геологиялық барлау және сауда ұйымдарын құрды. Инфекциялық патогендер Америка үндістерін ажал құштыра берді, XVII ғасыр басында трансмұхиттық өсімдіктер мен жануарлар айырбасы Афроеуразияға зиянын тигізе бастады. Жаңа азық өнімдерін тасымалдау ісі жалғасып және тамақ құнары артып, халық санының өсуіне ықпал етті. 1550 жылдан кейін испан кәсіпкерлері Мексика мен Оңтүстік Американың қазынасы мол кеніштерінен күміс қазға бастады. Бұл дүниежүзі экономикасының дамуына серпін берді.

Жаһандық экономиканың дамуы ұзақ уақыт бойы қымбат әрі сенімсіз кемелер, географиялық пен климаттық ерекшеліктері туралы білімнің шектелгендігі, қаржы құралдарының жеткіліксіздігі сияқты техникалық кедергілермен бетпе-бет келді. Дегенмен XVI–XVII ғасырларда сауда мүмкіндіктерін арттырған шешімдер қабылданды. Мысалы, орташа каравеллалар мен ірі караккалардың орнына олардың маневрлығы мен масштабтылығын бойына сіңірген галеондар келеді.

Галеондар XVI–XVIII ғасырларда соғыс пен саудаға бірдей пайдаланылған көпжақты кеме. Оның жылдамдығы жол жүруге кететін қаржыны азайтады, ал көлемі шамалас пайданың мөлшерін ұлғайтады. Галеондардағы конструкция ерекшеліктерінің арқасында Атлантика мен Тынық мұхитындағы күміс пен тауарларды тасымалдауда негізгі салмақ соларға түсті. Испандық галеонның замандасы флют болды. Ол ибериялықпен салыстырғанда көлемі бойынша кішірек және жақсы қаруланбаған. Сондықтан оның құрылысы тапсырыс берушілерге



арзанырақ түседі; сонымен қатар, флоттарда ұсақ командалар әрекет етіп, олар шығындардың азаюына әсер етті.

XVII ғасырдағы кеме тасымалында неліктен әртүрлі қайық қолданылды деп ойлайсыз?

Сауда компаниялары

Қымбат, ұзақ пен қатерлі саяхаттарды қаржыландыруға капиталдың болмауы мәселесі мемлекет пен жеке инвесторлардың бірлескен ұмтылыстарымен шешілді. Испандық пен португалдық короналар сауданы реттеу, салықтардың көлемін анықтау, белгілі бір тауарларға (дәмдеуіштер) мемлекеттік монополияны қолдау мақсатында агенттік құрды. Еуропалық үкімет пен жеке капиталистер теңіз арқылы коммерциялық операцияларды кеңейту үшін әртүрлі салада бірікті. XVI ғасырдың басында Португалия корольдігі трансмұхиттық сауданы қадағалау үшін Үндістанның «Үйін» (Casa da India), кейіннен Испания «Сауда Үйін» (Casa de Contratación) құрды.

Англияда патша тәжі joint stock companies сияқты компаниялардың акционерлері ретінде шықты. Жеке инвесторлар салымның көлеміне байланысты рискті өзара бөлісті және өздері сәйкесінше команда мен капитанды іздеумен айналысты. Бұл модель chartered companies, яғни чартерлік компаниялар моделі кейіннен құрлыққа, әсіресе, жеке капитал шоғырланған Нидерланды мен Францияға таралды.

Чартерлік компания – сауда немесе отарлау, барлаумен айналысу үшін жеке инвесторларға мемлекет нақты міндеттер мен құқықтар беретін корпорацияның түрі.

Нәтижесінде еуропалық капиталдың бөлігі дәстүрлі табыс көзі – жерден көп пайда әкелетін халықаралық саудаға бағытталады.

Колумбтық айырбастың жалғасы

Әлемдік экономика қозғалысты білдіреді және ол бойынша тауарлар ғана емес, адамдар, жануарлар, өсімдіктер мен патогендердің қозғалысын көздейді. Нақты осындай қозғалыстармен XV–XVI ғасырлар сипатталды. Алғашқы теңізшілер, Колумб экспедициясының қатысушылары жергілікті халыққа мүлдем бейтаныс тірі шошқалар, сиыр мен тауықтарды әкелді. Америкаға малшаруашылығы еуропалықтармен бірге келіп, кейіннен қайта саны бойынша озып кетті. XVI ғасырдың соңынан бастап 100 мыңдаған ірі қара мал мен қойлар Мексиканың солтүстігінде жайылып, әр жыл сайын екі есеге өсті. Мал испандық конкисдаторлармен Перуге, кейіннен Анд таулары арқылы Аргентина жазығына әкелінді. 1580 жылы испандық қоныстанушылар Буэнос Айресты құрған кезде қоршаған аймақтың ірі қара малының көптігін байқады. Аргентинаны бақылаған бір шежірешінің жазғанындай: «Олар (малдар) бүкіл жерді қамтып алады және олар жолдан өтетін кезде саяхатшылар 1 күн немесе одан да көп уақыт бойы өтіп кетуін күте тұруы керек».

Өздерінің қалыпты тамақ рационына қарай еуропалықтар жасымық, қауын, пияз, салат, капуста мен шалғамды әкеліп, өсіреді. Үй жануарлары мен «ескі әлемнен» келген азық-түліктер де жаңа жағдайға тез бейімделеді.

Бірақ жаңа жерлерде тек бұл түрлер ғана таралып қоймайды; олармен бірге құрлыққа Еуропадан «күтпеген» зиянды дүниелер – арамшөп пен егеуқұйрықтар келеді. Әсіресе соңғылары ерте қоныстанушылардың өлім жағдайына да жеткізді.

Солтүстік және Оңтүстік Америкаға алып баратын жылқыларды тиеу. Шамамен 1550 жылғы гравюра Атлант мұхиты арқылы мал тасымалдауда ұқыптылық пен мұқияттылықтың қаншалықты қажет екенін көрсетеді. Қиындықтарға қарамастан, испандықтар жылқы мен ірі қара мал сияқты ірі жануарларды тасымалдаған.

Еуропа мен Америка арасындағы айналым екіжақты болды. Еуропадағы теңізшілер Америкадан өз елінен, кейіннен Азия мен Африкаға жүгері, картошка, какао, қызанақ, чили бұрышы мен басқа да заттарды әкеледі. Мұның барлығы «ескі Әлемнің» тұрғындарының



диетасына өзгешелік енгізеді. Әсіресе шаруалар қауымына негізгі калорийлардың альтернативтік көздерінің пайда болу фактісі маңызды болды. Егер Америкаға дейін еуропалықтар дәнді дақылдармен тамақтанса, енді олар калориялық жүгері мен картошканы еге бастады. Халықтың бидайға бағыныштылығы азайды; нәтижесінде жаңа астық демографиялық өсімге серпін береді.

Американың негізгі ауылшаруашылық дақылдары Афроеуразия рационасына құнарлы, сан алуан көгөніс қосып, иммундық жүйені күшейтті. Мысалы, Ирландияда елді мекен тұрғындарының басым бөлігі картопты күнделікті азығы ретінде пайдалана бастаған соң, 1600–1800 жылдары халық саны 1,5 миллионнан 8,5 миллионға, шамамен 450%-ға өсті. Қоғамда негізгі азықтың бірнеше түрін, картоп та, бидай да ексе, мәселен, ауа райы нашар болған жылдары өнімнің бірі бітік шығып, келесіден мол өнім алып, аштықтың алдын ала алатын еді. Тарихшылар 1500 жылдардан кейін Америка дақылдары Афроеуразия халық санының өсіміне әсер еткенін жоққа шығармайды.

Жаһандық экономиканың дамуы тұрғысынан Афроеуразияның Америкадан алатын ең маңызды тауары күміс болды. Ол әлемдік сауданың маңызды бөлігі еді. Еуропалықтар Перу мен Мексиканы бағындыру нәтижесінде алтын мен күмісті тапты. Бұл күміс басқа да табиғи байлықтар секілді металл еді. Бірақ билеушілер оны тиынға айналдырып, әлемдегі коммерциялық сауда айналымына енгізді. 1500–1800 жж. аралығында Мексика мен Перу 150 мың тонна металл, яғни әлемдік қамтамасыз етудің 80%-ын өндірді.

Үш негізгі фактор XVI ғасырдағы «күміс бумында» маңызды рөлге ие болды. Біріншісі – 1545 жылы 3000 метрлік биіктікте Потосиде (қазіргі Болгария) ірі кен орны ашылды; ал жыл өткеннен кейін күмістің орталығы Америкада Закатекастан алыс емес жерде табылды. Екіншіден, металды балқытқанда шахтерлар бастапқыда неміс технологиясын пайдаланған еді, бірақ ол тек жоғарғы сортты рудаға ғана қолдануға келді. Алайда 1560 жылдары испандық техниктер ұсақталған күміс руданы тарау әдісін меңгерді. Ол бойынша майда күміс сынап, су, тұз және мыс сульфатымен араластырылды. Мұндай күмісті балқыту тәсілі Перудің Уванкеликке аймағында табылған жаңа сынап көзін пайдалануға жол ашты. Үшінші фактор, Перудегі испандық өкіл Франсиско де Толедо мита деген әскери бағыныштылық жүйесін енгізді. Ол шахталарды өз потенциалымен толық пайдалану мақсатымен жасалынды. Андтық үнді ауылдары жыл сайын Уванкеликке мен Потосиден жұмыс істеу үшін белгілі бір адамдардың санын ұсынып отыруы қажет болды. Испандық вице-корольмен еңбек кабаласы («мита» бағыныштылық жүйесі) жағдайына қойылған жергілікті тұрғындар шахталар мен кен орындарындағы жұмысшылардың біраз бөлігін құрады. Зандық тұрғыдан бостандыққа ие болғанына қарамастан, олардың компенсациясы аз еді және өмір үшін қауіпті жағдайларда жұмыс істеді. 1616 жылы Уванкеликені көрген католиктік монарх пен миссионер Антонио Васкес де Эспиноса былай деп хабарлап жазды: «Сынаптық руда қара кремнийге аса бай, ал қазып жатқан аймақтың үлкендігі соншалық онда шамамен 3 мың үнділіктер балта, қайлаларымен жұмыс істеді. Олар сынапты жарып болған соң, үлкен қаптарын толтырып, қиналып текпішектермен көтеріледі... Бұл руданы тасымалдаушылар аса сақ болуы керек, себебі олар сынаптан тез уланып қалуы мүмкін. Егер уланатын болса, ары қарай жұмыс істей алмайды, не тістері түсіп қалады немесе кейбірі қайтыс болады.

Өндірілген күмістің бестен бір бөлігі заң бойынша тәжге тиесілі; король тәжімен металдың тазалығы да қадағаланды. Қалған бөлігі жеке адамдарда, шахталар мен саудагерлердің қолында шоғырланды.

Потоси күміс шахтасындағы ауыр еңбек. XVII ғасырда дүниежүзіндегі ең ірі қалалардың бірі – Потоси еді. 1602 жылғы Теодо де Брайдың суретінде жедел дамып жатқан қаладағы халық тобыры емес, жергілікті Америка шаруалары жер астында капиталистік кәсіпкерлер үшін күміс өндіріп жатқан сәті бейнеленген. Көрнекті суретші-иллюстратор де Брай гравюрасында Солтүстік және Оңтүстік Америкаға деген көзқарасын күллі Еуропалықтарға таныстырды.

Потоси мен Закатекастен алынған күміс Панама мойнағы мен Веракрузаға, мексикандық бұғаз жағалауына жеткізіледі. Ол жақтан күміс Еуропа мен Азияға ағылып, Афроеуразиялық конгломерата өндіріс пен тұтынуды бес есе арттырады.

XVI ғасырдың басында Еуразия демографиялық зардаптарынан толық айығады. Халықтың өсімі жалғасады. Оған климаттың жылынуы да өз әсерін тигізеді. Сонымен қатар Еуропада азық-



түлік тауарлары, киім мен басқа да өмір сүруге қажетті заттарға сұраныс өсті. Американдық күмісті қосқанда мұның барлығы құрлықтағы экономикалық күрт өсуге және мануфактуралық өнеркәсіптің жаңа тәсілдері, жерді өңдеу мен XVI ғасырда әлемдік саудамен байланысты Антверпен, Амстердам, Париж бен Лондон сияқты қалалардың өсуіне әкеледі.

Батыс Еуропадағы экономикалық дүмпу

Экономикалық өсімнің инфляция сияқты өз зардаптары да болды. Коммерциялық революция бағалардың өсуімен қатар жүрді және нәтижесінде еуропалық тұтынушының шынайы сатып алу мүмкіндігінің төмендеуімен қатар жүрді. Нәтижесінде өмір сүру деңгейі төмендеп, бұл шаруалар мен қалалық кедей халықтың наразылығының артуында көрініс табады. Мемлекет тиындарды дайындағанда күміске мысты қосып, ақшаның құнсыздануы жалғасады. Еуропаның шығыс аумақтарында болса, тиындардың осындай бұзылуымен қатар, әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық адамдардың еркін қозғалуына әсерін тигізеді. Батыс Еуропада басыбайлылық құқығының жоюылуы тұсында Шығыс Еуропада – Речь Посполитая мен Мәскеу мемлекетінде ол құқық қайта күшейе түсті. Сауда мен мануфактуралық өнеркәсіптің өсуімен байланысты құрлықтың экономикалық өміріндегі өзгерістер еуропалық мемлекеттердің жағдайына әсер етті. Испандық отарлардан алынатын күміс Испанияда қалмай, экономикалық тұрғыда әлдеқайда дамыған Нидерланды, кейіннен Франция мен Англияға жылжиды. Күмістің жеңіл алынуы Испанияға одан әрі экономикалық стагнацияны тудырды. Сонымен қатар үлкен қаржыға ие болған еуропалық монархтар сыртқы саяси қақтығыстарда барынша дайындықпен қатысты. Нәтижесінде қақтығыстар құрлықтық Отызжылдық соғысқа (1618–1648) ұласып, адам саны бойынша теңдессіз зардаптар мен демографиялық дағдарысқа әкеледі. Экономикалық өсім өз салдарлары бойынша біржақты болмады. Ол өндіріс пен тұтынуды арттыра отырып, инфляцияны, әлеуметтік теңсіздікті дамытты.

Инфляция дегеніміз бұл – уақыт өте келе тауарлардың бағасы мен қоғамдағы көрсетілген қызмет құнының өсуі. Тарихшылар осы құбылысты баға революциясы деп атады. Дамушы аймақтарды санамағанда үлкен қалалардың жанында өсуі бағаның өсуімен қатар жүріп, қарапайым адамдардың кедейленуіне әкелді. Жұмысты қажет еткен адамдар өз еңбегін сатуға бәсекелестікке түскендіктен, қожайындар мен қалалық жұмыс берушілер жалақыны төмендетіп, жалға алушыларға жалға беру ақысын арттыра бастады. Мұның бәрі инфляцияның ауыр зардаптары еді.

Күміс Еуропамен қатар, Азияда да үлкен сұранысқа ие болды. Ол Азиядағы коммерциялық революцияның қозғаушы күшіне айналды. Мануфактураның орталығы ретінде Қытай қымбат металл тартатын «магнит» тәріздес болды. Күмісті тұтынған Қытайдың экономикасы өсіммен сипатталды. Бұл елдегі халықтың өмір сүру деңгейінің уақытша болса да жақсаруына ықпал етті. Жаһандық экономикаға өту қытайлық үкіметті алаңдатты. Өзінің кең шегараларының қорғанысы үшін ресурстарды сақтап қалу ниетімен Мин императорлары шетелдіктермен сауданы шектеу бойынша шешімдер қабылдайды. Мұндай саясаттың жүзеге асуына өзінің күміс қорлары бар Жапонияның орналасуы әсер етті. Жапония Қытайдың күміске сұранысын жеңілдетуге тырысты. Ал 1570 жылдан американдық тиындар мен күміс кесектері шығарылып, Қытайға ағылды.

Нәтижесінде Мин үкіметі еуропалықтарға шектеу бойынша шараларды алып тастап, барлық салықтарды күміс эквивалентке айналдырады. Гомес Солис, португалдық саудагер 1621 жылы былай деп жазды: «Күміс әлем бойынша және оның аумағында Қытайға ағылғанға дейін кезіп жүр. Ал Қытайда ол өзінің табиғи ортасы сияқты қалып отыр». Кейбір ғалымдар Қытайды «құдық» деп қарастырды, бұл құдықта әлемдік күміс қара тесікке кіріп кеткендей жоғалады деп сипаттады.

Қытайдың күміс пен халықаралық саудаға қатысты саясатының өзгеруінің нәтижесінде Испания мен Мин империясының тағдырлары көрінбейтін жіппен байланып қалғандай болды. Испания арзан күмісті өндіре отырып, Орта империяда оны қымбатырақ бағамен өткізеді. Күміс Қытайдағы өндірістің өсуіне және сәйкесінше Мин үкіметінің табысының артуында көрініс табады. Күмісті сатудан көп пайда тапқан Испания сияқты Қытай да сыртқы саясат-



ты жүргізуге белсенді қаржы жинай бастады. Бірақ Қытай мен Испания өздерінше дамуға тырысқанымен, осы металға бағыныштылығы күшейді: Испания өз индустриясын дамытудың орнына күмісті қымбат соғыстарға жұмсады. Ал күміссіз біткен кезде саяси құлдырауға түсті. Өз резервтері болмаған Қытай күмістің бағасына бағынышты болып, күміс салықтарын жинауда көптеген қиындықтарға жолығады. Сыртқы соғыстар Испанияның күшін әлсіретіп, ереуілдерге ұрындырса, шаруалар көтерілісі Мин династиясының сырттан келетін жаңа қауіп алдында әлсіретті.

Жапония өз ресурстарының арқасында коммерциялық революцияның көптеген жағымсыз салдарларынан құтылды. Бұл Токугава сегунатының саяси тұрақтылығы кезеңі болды. Бейбітшілік пен біршама бақаттылық кезінде Жапония халқы 1600 жылы 12 миллионнан XVIII ғасырдың басында екі есеге 18 миллионға өседі. Бұл өзгерістер Жапонияны негізгі азиялық нарықтардың біріне айналдырды. Португалдық пен испан көпестері Жапонияға қытайлық тауарларды, Батыс әлемінен қант, қару-жарақ пен теріні әкелді. Оның орнына олар күміс, мыс пен алтынды алды. Жапонияға көпестермен бірге миссионерлер келді, олар Кусю аралының біраз бөлігіне христиандыққа сенімді таратты. Жапон үкіметі миссионерлерден агенттер деп қауіптеніп, олардың елмен қатысуын азайту мақсатында әртүрлі шаралар ұйымдастырады. Осындай саясаттың нәтижесінде 1637 жылы жаппай шаруалар ереуілі болады; көтерілісшілер христиандық символиканы пайдаланды. Ереуілді басып тастағаннан кейін Жапонияда христиандыққа ғана емес, еуропалықтардың қатысуына да тиым салуына әкеледі. Діни белсенділік байқатпаған голландықтар ғана арнайы бөлінген Нагасаки аумағында сауда жасай алды. Жапонияның әлемдік экономикалық жүйеге енуі нәтижесінде ол жартылай оқшауланып қалды. Ол тек 1857 жылы американдық Мэтью Перри бастаған кемелердің елге келуімен өзгеріске ұшырады. Қытаймен қатар, Оңтүстік пен Оңтүстік-шығыс Азияның кең аумағы американдық күміс өндірісінің негізгі нарығына айналды.

Кезінде португалдық сауда империясының орталығы болған Үнді мұхиты XVII ғасырда еуропалық мемлекеттердің үстемдік үшін күрес алаңына айналды. Голландықтар 1602 жылы Ява аралында орталығы Батавиде орналасқан Ост-Үнді Компаниясын құрды; олар өз ресурстарын Азиядағы негізінен ибериялық, яғни португалиялық қатысуға қарсы жұмсады. 1641 жылы олар Малакканы тартып алды. Кейіннен голландықтарға ағылшын, француздық Ост-үнді компаниялары түрінде қарсыластар шығады.

Мультиорталықтанған сауда дүниесі

1700 жылға таман еуропалық мемлекеттердің бәсекелестігі жеңімпазды анықтамады; ескі ибериялық қарсыластармен қатар Франция, Англия, Нидерланды, кейіннен Ресей, Дания мен Пруссия өз мүдделерін таныта бастайды. Гудджараттан келген мұсылман көпестерінің қатысуы маңызды рөлге ие болды. Саяси тұрақсыздықты бастан өткеріп жатқан Қытай 1662 жылы голландықтарды Тайваньнан (Формоза) шығарып тастай алды. Азиялық империялар – Моғолдар, Сефевидтер, Османдар да өз қолынан билікті жібермеуге тырысты. Олар да еуропалықтармен саудадан пайда тапты. Бұл уақытта жаһандық түгіл, аймақтық үстемдік туралы айту әлі ерте еді.

Сұрақтар

1. Галеондардың осыған дейінгі кемелерден ерекшелігі қандай болды?
2. Еуропалық мемлекеттер құрған сауда компаниялары қалай аталды және қызметі қандай болды?
3. Колумб экспедициялары нәтижесінде қандай шаруашылық дами бастады?
4. XVI ғасырдағы «күміс бумына» әкелген қандай үш негізгі факторларды білесіз?
5. Күміс айналымындағы сынаптың рөлі қандай болды?
6. Сіздің ойыңызша Қытайдың «күміс құдығы» деп аталуының себебі қандай?



Әдебиеттер

1. Gemelli Careri, quoted in Henry Kamen, *Empire: How Spain Became a World Power, 1492–1763* (New York: HarperCollins, 2003), 205.
2. William S. Atwell, «International Bullion Flows and the Chinese Economy, circa 1530–1650», in *Metals and Monies in an Emerging Global Economy*, ed. Dennis O. Flynn and Arturo Giróldez (Aldershot: Variorum, 1997), 147.
3. Andre Gunder Frank, *ReOrient: Global Economy in the Asian Age* (Berkeley: University of California Press, 1998), 131.
4. Vazquez de Espinosa, «Compendium and Description of the West Indies», quoted in Alfred W. Crosby, Jr., *The Columbian Exchange: Biological and Cultural Consequences of 1492* (Westport, CT: Praeger, 2003), 84.
5. Garcilaso de la Vega, quoted in Charles C. Mann, *1491: New Revelations of the Americas before Columbus* (New York: Alfred A. Knopf, 2005), 314.
6. Dennis O. Flynn and Arturo Giróldez, «Born with a 'Silver Spoon': The Origin of World Trade in 1571», *Journal of World History* 6, no. 2 (Fall 1995): 201–221.
7. Antonio Vazquez de Espinosa, *Compendium and Description of the West Indies*, trans. Charles Upson Clark (Washington, D.C.: Smithsonian Institution, 1942), 542–543.
8. Dennis O. Flynn and Arturo Giróldez, eds., *Metals and Monies in an Emerging Global Economy* (Aldershot: Variorum, 1997), xxiii.
9. Angus Maddison, *The World Economy: A Millennial Perspective* (Paris: Organization for Economic Co-operation and Development, 2001), 241, 243.
10. *Ibid.*, 54.
11. Quoted in Carlo M. Cipolla, *Before the Industrial Revolution: European Society and Economy, 1000–1700*, 3rd ed. (New York: Norton, 1993), 239.
12. Quoted in Richard Von Glahn, *Fountain of Fortune: Money and Monetary Policy in China, 1000–1700* (Berkeley: University of California Press, 1996), 128–129.
13. Von Glahn, *Fountain of Fortune*, 126.
14. Quoted in Geoffrey Parker, «Europe and the Wider World, 1500–1700: The Military Balance», in James D. Tracy, ed., *The Political Economy of Merchant Empires* (Cambridge: Cambridge University Press, 1991), 179–180.